

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:

Топ: Мектепалды даярлық

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 28 қараша-2 желтоқсан 2022 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты-жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі туралы сұрау.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Құрастыру материалдарымен ұрастыру ойындары, кітаптар қарау. Табиғат бұрышындағы еңбек. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау. Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың сезінген әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б.				

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Дауыссыз дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктерін түсіндіру. Шаттық шеңбері. 1.Балалар, табиғатты сүйю-парыз. Сүйю үшін-қорғау парыз. 2.Адамдардың табиғатсыз күні жоқ. Оны айтуға табиғаттың тілі жоқ. М.Жаманбалинов Алғашқы қар өлеңімен танысу. О, керемет, керемет! Бейне аппақ көбелек. Ақша қар жай көлбеңдеп, Қонып жатыр жерге кеп. Өлең мазмұны бойынша сұрақтар. Өлең жолдарын жаттау. Сергіту жаттығуы. И.Токмакова Аю өлеңі. Тауға шықсаң-қалың қар, Сайға түссең-қалың қар, Шырша үсті-қалың қар.</p>	<p>1.Қоршаған орта таныстыру Балаларға өздері тұратын туған ауыл, мектеп орналасқан көше туралы түсіндіру. Балалардың нақты мекен-жайын, тұрғылықты жерін атай білу дағдыларын қалыптастыру. Баспа на ойыны. Е.Елубаев өлеңі бойынша. Тышқандікі-би. Түлкінікі-ым. Қойдікі-қора. Аранікі-ұя. Бақанікі-көл. Өрмекшінікі-тор. Тауықтікі-күркешік. Күшіктікі-үйшік. Ойын арқылы әр жануардың баспанасы қалай аталатынын білдік. Мекен-жай туралы сұрақтар. Әр бала өзі тұратын мекен-жайын айтады. Ғажайып жағдаят. Қуыршақ Ақжарқын. Мекенжай туралы әңгіме. Сөздік жұмысы.</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Дыбыстық талдау жасай алу дағдыларын жетілдіру. Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру. Шаттық шеңбері. Өсті, міне, ойларың, Өсті, міне бойларың. Иіліп сәлем береміз. Әдепті боп өсеміз. Сұрақ-жауап әдісі арқылы қайталау. Дыбыстармен жаттығулар. Соңғы дыбыстан баста дидактикалық ойыны. Дұрыс көрсет дидактикалық ойыны. Сөздермен жаттығулар Бірінші дыбысты анықта дидактикалық ойыны. Дәптермен жұмыс. Суреттерді ата. Дыбыстық талдау жасау. Бір, екі, үш. Жиіңкі алдық күш. Төрт, бес, алты. Біз жазамыз мықты. Дәптерімізді ашайық.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Дауыссыз дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктерін түсіндіру. Шаттық шеңбері. 1.Балалар, табиғатты сүйю-парыз. Сүйю үшін-қорғау парыз. 2.Адамдардың табиғатсыз күні жоқ. Оны айтуға табиғаттың тілі жоқ. М.Жаманбалинов Алғашқы қар өлеңімен танысу. О, керемет, керемет Бейне аппақ көбелек. Ақша қар жай көлбеңдеп, Қонып жатыр жерге кеп. Өлең мазмұны бойынша сұрақтар. Өлең жолдарын жаттау. Сергіту жаттығуы. И.Токмакова Аю өлеңі. Тауға шықсаң-қалың қар, Сайға түссең-қалың қар, Шырша үсті-қалың қар, Байқандар қар астында, Ұйықтап жатқан аю бар. Дауыссыз дыбыстардың айтылу кезіндегі ерекшеліктерін түсіндіру. Дауыссыз дыбыстар үнмен салдырдың қатысына қарай қатаң, ұяң, үнді болып үшке бөлінеді.</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. Сұрақ-жауап әдісі арқылы қайталау. Дыбыстармен жаттығулар. Кім білгіш? дидактикалық ойыны. Жүп құр. Ойын-жаттығуы. Буынды айтып сөз құра дидактикалық ойыны. Дәптермен жұмыс. Суретпен жұмыс. Заттарды ата. Сөздерді буынға бөл. Сәйкестендір. Саусақ жаттығуы. Алақанның біреуін. Кері қарай бұрайық. Алақаны демалсын. Қол үстінен ұрайық. Дәптермен жұмыс. Штрихта. Үзік сызықтарды бастыр. Грификалық жұмыс 2.Математика негіздері Жеңіл-ауыр сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету. Заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету. Ойын жағдаяты. Әлия мен</p>

	<p>Байқандар қар астында, Ұйықтап жатқан аю бар. Дауыссыз дыбыс тардың айтылу кезіндегі ерекшелік терін түсіндіру. Дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдың қатысына қарай қатаң, ұяң, үнді болып үшкебөлінеді. Қатаң дауыссыздар: к, қ, п, т, с, ф, х, ц, ч, ш, щ. Ұяң дауыссыздар: б, в, г, ғ, д, ж, з. Үнді дауыссыздар: л, н, и, у, м, н, н. Дидактикалық ойын: Дыбыстарды дауыстапайтайық Дәптермен жұмыс. Тапсырмаларды орындау.</p> <p>2. Математика негіздері</p> <p>Ай атауларын жыл мезгілдері бойынша рет-ретімен атауға үйрету және табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту. Ойын сәті.</p>	<p>Айгөлек әнін айту. Дәптермен жұмыс. Айсұлу үйін схема бойынша сызып көрсет.</p> <p>2. Қазақ тілі</p> <p>Меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануғаталпындыру Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделік ті өмірде қолдана білуге үйрету. Шаттық шеңбері. Шарлау үшін әлемді, Қуат керек әуелі. Жігер керек, ой керек, Ерлік керек еп керек. Ол үшін ең керегі. Шынықтыру денені. Ғажайып сәт. Қуыршақтар-Сәуле мен Арман. Зерде интеллектуалды ойын. 1 кезең: Таныстыру. Балалар өздерін таныстырады. Менің атым-... Мен 5 жастамын. 2 кезең: Білгенге маржан. Сұрақтарға жауап беру. Мамандық</p>	<p>Көрсетілген үлгіге. Әдемі етіп жазайық. Дәптермен жұмыс. Штрихта. Үзік сызықтарды бастыр. Грфикалық жұмыс. Саусақ жаттығуы</p> <p>2. Математика негіздері</p> <p>Жеңіл-ауыр сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету. Заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету. Ойын жағдаяты. Әлия мен Сырым. Рюкзак салмағы туралы болжамдар. Заттарды массасы бойынша салыстыру. Ойын тапсырмасы: Ауыр және жеңіл заттарды табу. Дәптермен жұмыс. Суретпен жұмыс. 1-2 тапсырманы орындау. Эксперименттік іс-әрекет. Материалдар</p>	<p>Қатаң дауыссыздар: к, қ, п, т, с, ф, х, ц, ч, ш, щ. Ұяң дауыссыздар: б, в, г, ғ, д, ж, з. Үнді дауыссыздар: л, н, и, у, м, н, н. Дидактикалық ойын: Дыбыстарды дауыстап айтайық Дәптермен жұмыс. Тапсырмаларды орындау.</p> <p>2. Қоршаған ортамен таныстыру</p> <p>Туған өлке әр адамның туып-өскен жері, атамекені екенін түсіндіру. Тірек сұрақтар қою арқылы туған ауылы туралы әңгімелеу. Сыңарыңды тап ойыны. Балалар музыка ырғағымен әртүрлі бағытта жүреді. Балалардың қолдарында кішкентай суреттер болады. Музыка тоқтаған да әркім өзінің суреті бойынша сыңарын тауып, қол ұстасып, шеңберге құруы керек. Мысал суреттер: ұлттық ою-ұлттық киім, емен ағашы-емен жапырағы, домбыра-ән айтып тұрған бала. тау суреті-тас суреті, көл</p>	<p>Сырым. Рюкзак салмағы туралы болжамдар. Заттарды массасы бойынша салыстыру. Ойын тапсырмасы: Ауыр және жеңіл заттарды табу. Дәптермен жұмыс. Суретпен жұмыс. 1-2 тапсырманы орындау. Эксперименттік іс-әрекет. Материалдарды өлшеу. Мақта жеңіл, метал ауыр. Демонстрациялық материалмен жұмыс. Таразының модельдерімен таныстыру. 3-тапсырманы жұппен орындау. 4-тапсырма жеке жұмыс. Графикалық жұмыс. Математикалық жазулар дәптерімен жұмыс.</p> <p>3. Шығармашылық іс-әрекет</p> <p>Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру. Бірнеше бөліктерден заттар жасау жапсыру, құрастыру, суретін салу, мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Үлестірмелі материалдар мен жұмыс. Сен білесің бе, балақай? Ойыны.</p>
--	--	---	--	--	--

	<p>Әлия мен Сырым Бұл қашан болады? Жұмбақ өлеңі. Жыл мезгілдері туралы өлең. Демонстрациялық материалмен жұмыс. Жыл мезгілдерінің, айлардың атауларын бекіту. Қуыршақты жыл мезгілдеріне сай киіндіру. Үлестірмелі материалмен жұмыс. Табиғи құбылыстарды, жыл мезгілдеріндегі адамдар киімдерін таңдайды. Дәптермен жұмыс. Жыл мезгіліне сәйкес ағаштарды таңдап, жапсыру. Доппен ойын: Жыл бойы. 3-4 тапсырмалар. Графикалық жұмыс. Математикалық жазулар дәптерімен жұмыс.</p> <p>3. Сауат ашу негіздері Дауысты дыбыстардың түрлерін ажырата алу дағды</p>	<p>иелерін ата? Біздің Отанымыз. Бөлмеде не бар? Сыпайы сөздерді ата? Таңертең не істейміз? Апта күндерін ата? т.б. 3 кезең: Кім тапқыр? Әр сөздің аудармасын айту. Моя Родина- Менің Отаным. Дәптермен жұмыс. Әр қатардағы артық затты ата.</p> <p>3. Көркем әдебиет Ертегі мазмұнын айту арқылы театр мәдениетіне баулу. Тілдік ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту. Сөздік жұмыс. Ойын жағдаяты. Ертегілер әлеміне саяхат. Ертегілердің суреттері. Жұмбақ жасыру. Жол бойында жортқан, Сыбызғысын тартқан. Қасқыр. Қан дай аң? Ақымақ қасқыр ертегісімен танысу. Ертегі-әдеби жанрлардың бір түрі. Ертегінің басқа жанрдан айырмашы</p>	<p>ды өлшеу. Мақта жеңіл, метал ауыр. Демонстрациялық материалмен жұмыс. Таразының модельдерімен таныстыру. 3-тапсырманы жұппен орындау. 4-тапсырма жеке жұмыс. Графикалық жұмыс. Математикалық жазулар дәптерімен жұмыс.</p> <p>3. Қазақ тілі Мемлекеттік Туды сипаттай білуге үйрету тақпақты жаттау. Шаттық шеңбері. Жоғары қараймыз, Шаңырақты көреміз. Төмен қараймыз. Жерді көреміз. Оңға бұрылып, солға бұрылып, Егеменді елді көреміз. Менің Отаным тақырыбында әңгімелеу. Біздің Отанымыз-Қазақстан. Біздің Отанымыз-тәуелсіз мемлекет. Жаңа сөздермен танысу. Мемлекеттік рәміздер, әнұран, ту,</p>	<p>балық, бүркіт-аспан. Өлең оқу. Ө. Тұрманжанов. Көгін де күн нұрын төккен, Жерінде гүл жұпар сепкен. Неткен сұлу, неткен көркем Осы менің туған өлкем. Туған өлке туралы әңгімелеу. Туған өлке-өзіміз тұратын үй, көше, ауыл, табиғат, Отан, Қазақстан мемлекеті. Топтық жұмыс. Дидактикалық ойын: Менің туған өлкем. Ойынның шарты: балалар топқа бөлінеді. Әр топ көшбасшысы үстелде теріс қарап жатқан суреттерді таңдап алады. Дәптермен жұмыс. Туған ауылыңның көрікті жерлерінің суреттерін сал.</p> <p>3. Көркем әдебиет Өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру. Суретпен жұмыс. Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады? Қарқандай? Қыстағы ойындар? А. Асылбековтің Қыс өлеңімен танысу. Сөздік жұмыс. Өлең мазмұны</p>	<p>Қыран құс, еліміздің рәміздері. Дидактикалық ойыны. Саусаққа арналған: Жұдырық, тақтай, алақан ойын-жаттығу. Балалар шығармашылығы. Көрме.</p> <p>4. Дене шынықтыру Баланың денсаулығын нығайтуға арналған жұмыстарды жалғастыру. Ұлттық ойындарға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, төзімділік, күш, шапшаңдық секілді дене сапаларын дамыту. Негізгі кезең. Бір тізбекпен жүреді, жартылай отырып жүреді, бағыттарын өзгертіп жүреді, табандарын өкшеден аяқтың ұшына қарай басып жүреді. 2 минут баяу жүгіру, тыныс алуды қалпына келтіру. Доппен ЖДЖ орындау. Негізгі қимыл қозғалыстарды ойын түрінде орындау: Допты еденге соқ. Арқаннан секіру айналып тұрған арқанның астымен түрлі тәсілмен жүгіріп өтуге жаттықтыру. 5 рет. Қимыл қозғалыс ойыны: Асық кімде?</p>
--	--	---	--	---	---

	<p>ларын бекіту. Шаттық шеңбері. Кел,балалар,күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі көңіл ашады. Күліп өмір сүрейік. Сұрақ-жауап әдісі арқылы қайталау. Артикуляциялық жаттығулар.Күрек ше,Төбешік,Түтікше Дыбыстармен жаттығулар.Дидактикалық ойын:Дұрыс көрсет.Ойынның шарты:дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады.Сөздермен жаттығулар.Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға дидактикалықойыны Дәптермен жұмыс. Дыбыстық талдау. Штрихта.Үзік сызықтарды бастыр. Грфикалық жұмыс. Саусақ жаттығуы.</p> <p>4.Дене шынықтыру Доппен орындала</p>	<p>лығы –ертегіні ойдан, қиялдан құрастырады. Ертегіні оқып,мазмұнын ашу.Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар.Қасқыр түссе қораға,Ұстамаса бола ма? Қасқыр қақпан құрайық, Біздің қақпан болаттай.Қасқыр,қасқыр келіп көр,Қақпан, қақпан берік бол! Дәптермен жұмыс. Диалог құру.Ертегі жүйесін сурет бойынша айу.Үй жануарларын ата. Ұйқасын тап.Моп-момақан өзі,Сүп-сүйкімді қозы. Дидактикалық ойын. Жануардың даусын сал.Ертегіні рөлдерге бөліп сахналау</p> <p>4.Музыка Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау,жоғарғы регистр,аспаптың дыбысталу тембрін</p>	<p>қыран,ою,күн шуақтары.Дидактикалық ойын:Аудармашы.Дәптермен жұмыс. Мнемокесте бойынша Мемлекеттік туды сипатта,сөйлем құра. Тақпақ жаттау. Қазақстан жалауы. Жалауымда көгілдір, Күн күледі төгіп нұр. Қыран бейне қанатты, көкке самғар-еліммен!</p> <p>4.Дене шынықтыру Тізбекпен жүру, жүгіруге,кұрсаудан-кұрсауға өтуге жаттықтыру. Ойын түрінде эстафета.Бір-бірден тізбекке тұру. Жылдамдығы мен бағытын өзгертіп жүгіру.Түзету жаттығуларын орындау.Спорт пен мәре сызықтары. -Айдахар -Жолақтарға аттап секіру -Жүрдек пойыз -Өткел -Құрсаудан өту</p>	<p>сұрақтар.Неліктен қысты жақсы көресің?Мнемо кесте арқылы өлеңді жаттау.Дәптермен жұмыс. Сурет бойынша қыс туралы әңгіме құра.Кім қайда ойнайды?Сызып көрсет.Жұмбақты шеш.Ақ көрпесін тұйықтап,Қыстай жатыр ұйықтап Қар. Қайсысы артық ойыны. Ойын шарты:Тақтаға әр мезгілдің киімдері ілінеді. Осылардың ішінен артық киімді табады.</p> <p>4.Музыка Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау,жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату.Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру,әннің кіріспесін, басын,қайырмасын ажырату.Халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру.Қазақтың</p>	
--	--	---	--	--	--

	<p>тын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту. Түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге үйрету</p> <p>Ойын жаттығуы: Ғажайып қап.</p> <p>Доппен жүреді, белгі бойынша тоқтайды, музыка әуенімен тапсырмаларды орындайды. Доппен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары</p> <p>Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау.</p> <p>Допты еденге соқ.</p> <p>Епті балалар.</p> <p>Тізбекпен жүріп, қимыл қозғалыстарды ретімен орындайды.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: Аңшылар мен қояндар. 4 рет.</p>	<p>ажырату. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру.</p> <p>Қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру.</p> <p>Жаса, Қазақстан әнін орындау.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Көңілді балалар литва халық әуені.</p> <p>Музыка тыңдау: Қазақстан жалауы.</p> <p>Еліміздің рәміздері туралы әңгіме.</p> <p>Дауыс жаттығуы.</p> <p>Ән айту: Тәуелсіздік таңы.</p> <p>Жомарт елім.</p> <p>Билер: Қара бала биі.</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: Илигай.</p>	<p>Қимыл қозғалыс ойыны.</p> <p>Мүсін. Күлкі сыйла ойын жаттығуы</p>	<p>ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру.</p> <p>Жаса, Қазақстан әнін орындау.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Көңілді балалар литва халық әуені.</p> <p>Музыка тыңдау: Қазақстан жалауы.</p> <p>Еліміздің рәміздері туралы әңгіме.</p> <p>Дауыс жаттығуы.</p> <p>Ән айту: Тәуелсіздік таңы.</p> <p>Жомарт елім.</p> <p>Билер: Қара бала биі.</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: Илигай.</p>	
--	--	---	--	---	--

Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс. Жеке картаға сәйкес: әңгімелесу, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу әрекеті арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.
Серуен	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылықтарын арттыру. Балаларды реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер өткізу. Серуен картатекасы №1, №2, №3, №4, №5 Ауа-райы құбылыстары мен табиғат объектілерін бақылау, әңгімелесу, көркем сөз, спорттық, қимылды және ұлттық ойындар, еңбек әрекеті.
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.